Ауданның қоғамдық-саяси газеті

Жалағаш жаршысы

№88 (9871)
5 қараша, сенбі
2022 жыл

Газет 1934 жылғы 10 қаңтардан бастап шығады.

Президент

Қасым-Жомарт Тоқаев шетелдік дипломатиялық миссиялардың басшыларымен кездесті. Мемлекет басшысы жиын қатысушыларына ілтипат білдіре отырып, дипломатиялық корпуспен кездесу екіжақты және көпжақты ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған игі дәстүр екенін атап өтті. Сондай-ақ Қазақстанда тіркелген дипломатиялық миссиялар және халықаралық ұйымдардың басшыларына елімізде түрлі салада ауқымды реформалар жүргізіліп жатқанын айтты. Сондай-ақ адам құқықтарын қорғау мәселелеріне, соның ішінде өлім жазасын жоюға, конституциялық түзетулерді қабылдауға, Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің рөлі мен мәртебесін арттыруға ерекше назар аударды.

Экономиканы монополиядан арылту – ұлттық басымдығымыз

– Өз саясатымызда «біз әртүрліміз, бірақ теңбіз» деген постулатты берік ұстанамыз. Сондықтан азаматтық қоғамның рөлін арттыруға, түрлі қоғамдық күштерді біріктіруге, «халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидатын іске асыруға маңызды іс-шаралар қабылданып жатыр, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның демократияландыру және кешенді қоғамдық-саяси өзгерістер бағыты өзгермейтінін атап өтті. Сондай-ақ ол Қазақстанның қабылдаған жаңа экономикалық бағыты шынайы еркін нарықтық экономика құруға бағытталғанын ерекше атады.

– Экономиканы монополиядан арылту – біздің ұлттық басымдығымыз. Біз дұрыс жолдамыз. Жетекші халықаралық қаржы агенттіктері Қазақстанның экономикалық өсімді ынталандыру жөніндегі күш-жігерін оң бағалады және Қазақстанның егемен рейтингін «тұрақты» болжаммен растады. Біз ашық экономика қағидатына берік болып қала береміз. Әлемнің 180 елімен сауда жасаймыз. Бүкіл әлемдегі экономикалық қиындықтарға қарамастан, біздің шикізаттық емес өнім экспорты шамамен 40 пайызға өсті. Біз алдағы уақытта да инвестиция тарту бойынша Орталық Азиядағы көшбасшылық позициямызды нығайта береміз, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның өңірлік және жаһандық азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қосқан үлесіне арнайы тоқталды. Сонымен қатар сауда-экономикалық ынтымақтастық перспективаларына назар аударып, еліміздің аграрлық, өндірістік сектор, энергетика, «жасыл» қаржы салаларындағы әлеуеті зор екенін атап өтті.

Жиында Президент көлік-логистика саласының Қазақстан экономикасындағы ерекше рөліне де тоқталды. Оның айтуынша, бұл сала өңірлердің өзара іс-әрекетін жандандыруда маңызды рөл атқарады.

– Қазіргі уақытта Қытай-Еуропа дәлізі бойынша құрлықтағы транзиттік тасымалдың 80 пайыздан астамы біздің еліміз арқылы өтеді. Дүниежүзілік банктің мәліметі бойынша, көлік-транзит әлеуетінің дамуы Орталық Азия елдерінің тұтас ЖІӨ-н 15 пайызға өсуіне ықпал етуі мүмкін. Қазақстан қазірдің өзінде «Бір белдеу – бір жол» бастамасын жүзеге асыруда маңызды рөл атқарады. Бұдан бөлек «Орта дәліз» деп аталатын Транскаспий халықаралық көлік бағытының энергетика мен азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету ісіндегі маңызы артып келеді, – деді Мемлекет басшысы.

Президент шетелдік миссия басшыларын 70 млрд доллар көлемінде активі бар әлемнің отыз ірі тәуелсіз қорының қатарына кіретін «Самұрық-Қазына» қорымен өзара белсенді іс-әрекет жасауға шақырды. Сондай-ақ аймақтық күн тәртібіндегі мәселелерге де тоқталды. Ол әлемдегі бұрын-соңды болмаған тұрақсыздық жағдайында Қазақстан теңгерімді, көпжақты және конструктивті сыртқы саясат ұстанатынын айтты.

Бұдан бөлек Президент БҰҰ, АӨСШК, ТМД, ШЫҰ, ТМҰ және басқа да халықаралық және өңірлік ұйымдармен ынтымақтастыққа мүдделі екенін растады. Сонымен қатар БҰҰ-мен тығыз ынтымақтастықта Қазақстан Ядролық қаруды таратпау туралы шарттың негізгі қағидаттарын сақтауды қолдайтынын атап өтті.

– Ядролық қаруды қолдану туралы қауіпті мәлімдемелердің артқаны байқалады. Атом энергиясы адамзаттың орасан зор жетістігі екенін есте ұстаған жөн. Оны жойқын қару ретінде емес, халықтарымыздың тек бейбіт өмірі үшін пайдалану керек, – деді Президент.

Сондай-ақ дипломатия халықаралық қатынастарды басқарудың, қауіп-қатерлерді азайтудың және қауіпсіздік пен әл-ауқатты нығайтудың бірден-бір құралы болып қала беретінін айтты.

– Біз сіздердің елдеріңізбен және ұйымдарыңызбен Қазақстан арасындағы достық және өзара тиімді байланыстарын тұрақты нығайтуға ұмтылуымыз керек. Осы ретте кәсіби көмектеріңіз бен бірлескен күш-жігеріміз маңызды. Сіздердің барлық конструктивті бастамаларыңызға менің Әкімшілігім мен Қазақстан Үкіметі тарапынан лайықты жауап беріліп, қолдау көрсетілетініне сенімді болыңыздар. Сіздер өкілдік ететін мемлекеттер мен үкіметтердің басшыларымен арадағы конструктивті диалог пен серіктестікті жалғастыруға ниеттімін, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Кездесу соңында дипломатиялық корпустың дуайені – Палестина Мемлекетінің Қазақстандағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Мунтасер Әбу Зейд сөз сөйледі.

“ЖЖ” ақпарат

Кездесу

Тұрғындар мәселесі шешімін табады

Мемлекет басшысы зайырлы қоғам құрудың, жаңа Қазақстанға қадам басудың алғы шарты – ашықтық қағидасы екенін жиі айтып келеді. Анығырақ айтсақ, жоғары биліктің тармақтарынан бастап, әрбір өңірдің басшылары, аудан, ауыл әкімдеріне дейін халықпен ашық диалог орнатқанда ғана ел ішіндегі қордаланған мәселелер түбегейлі шешімін табады. Яғни билік пен бұқараның арасы жақындауы тиіс. Аймақ басшысының аудандарға жұмыс сапары барысында басқарма басшыларымен бірге шығып, жеке қабылдау өткізіп, тұрғындармен кездесіп жүргенін ашықтық қағидасының бастамасы деуге негіз бар.

Осы аптаның ортасында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Президенттің «Әкімдердің халықпен кездесулерін өткізу туралы» Жарлығы аясында құқық қорғау органдарының басшыларымен бірге аудан тұрғындарын жеке қабылдады. Атап айтсақ, облыстық сот төрағасы Әділхады Шығамбаев, облыс прокурорының бірінші орынбасары Исламбек Төлегенов, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Қызылорда облысы және Байқоңыр қаласы бойынша департаментінің бастығы Болат Қалмырзаев, облыстық полиция департаментінің басшысы Мұхтар Қожабаев, облыстық экономикалық тергеп-тексеру департаментінің басшысы Бақыт Қайшыбеков, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің облыстық департаменті басшысының бірінші орынбасары Серікжан Мырзалы және мемлекеттік кірістер департаментінің басшысы Ғани Аманов түрлі мәселелер бойынша келген аудан тұрғындарынан түскен жазбаша және ауызша өтініштерін қарап, тыңдап, мәселенің мән-жайын заң аясында түсіндірді және құқықтық тұрғыда кеңес берді. Ал аймақ басшысының алдына келген тұрғындардың көбі аяқ су тапшылығы, жайылымдық жерлердің тарылуы, жұмыссыздық, әлеуметтік көмекке қол жеткізу, тұрғын үй кезегімен баспана алу, жер телімдерін рәсімдеу, қайтарымсыз грант алу, иесіз иттерді бақылауда ұстау мәселелерін көтерді. Қабылдауда барлығы елуге жуық өтініш қаралды.

Мәселен, Мырзабай ахун ауылына емхана қажеттігі, сондай-ақ Қаракеткен ауылына жедел жәрдем көлігі қажеттігі айтылды. Облыс әкімі екі елді мекендегі мәселенің де назарда тұрғанын жеткізіп, қазірде емхана құрылысының жобалық-сметалық құжаты сараптамадан өткенін және 2024 жылы Қаракеткен ауылының тұрғындарына медициналық көмек көрсететін жедел жәрдем көлігі берілетінін жеткізді.

Сонымен бірге аймақ басшысының қабылдауында болған кәсіп істеуге ынталы азаматтар және денсаулығына байланысты медициналық көмекке мұқтаж жандар өз мәселелерін жеткізді.

– Облыс әкімінің аудан, ауылдарды аралап, халықпен жүздескенінің өзіне біз қуанып қаламыз. Өйткені сол сапар барысында ел ішіндегі көптеген мәселені көзімен көріп, құлағымен естиді. Ел жайына қанығады. Мен осы ауданның ақсақалы ретінде Нұрлыбек Мәшбекұлына Мырзабай ахун ауылы тұрғындарының көптен көкейінде жүрген мәселесін жеткіздім. Ол – ауылымыздағы емхана ғимараты мен клуб үйінің жоқтығы. Бұл екеуі де ауылдың қоғамдық өміріне өте қажет. Бірі халықтың тән саулығы үшін, бірі жан саулығы үшін қызмет етеді. Менің өтінішімді байыппен тыңдаған аймақ басшысы бұл мәселелер шешілетінін жеткізді. Аймақ басшысына ауыл халқы атынан алғысымды білдіремін, – дейді Мырзабай ахун ауылының тұрғыны, ардагер Төребек Тәуіпбаев.

Облыс әкімінің қабылдауында болған аудан тұрғыны Гүлжан Бедерова да өз ризашылығын жеткізді.

– Жеке мәселем бойынша алдын ала облыс әкімінің қабылдауына жазылдым. Інім кәсіпкерлік мақсатта қайтарымсыз грант алғысы келеді. Бірақ қайтарымсыз қаржыға қол жеткізе алмады. Аймақ басшысына аталған мақсатта құрылған комиссияға қатысты сауалымды қойдым. Бұған дейін жауапты мамандардан мардымды жауап ала алмаған едім. Облыс әкімі мені мұқият тыңдап, тиісті саланың басшыларына тапсырма берді. Аймақ басшысының жауапты басқарма басшыларына берген тапсырмасымен азаматтардың өтініштерін тиісті салалар заңдылығына сәйкес мұқият зерттеп, зерделеп, шешімін табатын болды, – деді ол.

Жеке қабылдаудан соң облыс әкімі аудан халқымен жүздесіп, тұрғындар тарапынан қойылған сауалдарға жауап берді. Өз кезегінде өңіріміздің даму динамикасын саралап, Мемлекет басшысының тапсырмасы негізінде атқарылып жатқан жұмыстарға және оның нәтижесіне тоқталды.

2 →

Алтын ұя

Бұрын ауыл мектептері мен қала мектептеріндегі білім сапасында айтарлықтай айырмашылық болатын. Салаға енген соңғы өзгерістердің арқасында қазір бұл алшақтықтың арасы жуыған. Әрине бұл ретте ұлағатты ұстаздардың да тәжірибесі, педагогикалық шеберлігі маңызды рөл атқаратынын жақсы білеміз. Осыған дейін кент орталығындағы білім ошақтарының қазіргі тынысын мақаламызға арқау еттік. Енді ауыл мектептеріне кезек бере отырып, ондағы білім сапасын шығармашылық топ шама-шарқынша сараптап келеді.

Оқушылары озат орта мектеп

Бастысы, жоғарыда айтылған білім сапасындағы алшақтық айтарлықтай азайған. Мәселен, шалғай ауылдардың бірі Аққыр ауылында өткен жылы 7 түлек мектеп бітіріп, жетеуі де ҰБТ-ға қатысқан. Нәтижесін сұрасаңыз, барлығы да бүгінде мемлекеттік грантпен жоғары оқу орындарында білім алуда. Жаңаталап ауылдық округіндегі алтын ұяның шәкірт тәрбиелеу жолындағы еңбегінде де айтарлықтай сапа бар. Бейсенбіде жолымыз Бұқарбай батыр ауылына түсіп, №33 орта мектепке де аялдауды жөн деп таптық.

Ауылдағы №33 орта мектеп өткен оқу жылын оң нәтижемен қорытындылаған. Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Ұлжан Әлиева биыл да бұл дәстүр жалғасын табатынына сенеді. Бұған себеп те жоқ емес. Мәселен, түлектерді ҰБТ-ға дайындау жұмыстары биыл қыркүйек айында басталып, оқушылардан 4 рет тест алынған. Бастапқыда оқушылар жинаған орташа балл 59,7-ні құраса, үшінші дайындық тестінде бұл көрсеткіш 78-ге жеткен. Ал соңғы тест нәтижесі алдағы оқу тоқсанында белгілі болады.

Ерлан Боранбаевтың ауыл мектебінің тізгінін ұстағанына 5 жылдан асыпты. Ұлағатты ұстаздың бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеуді басты қағидаға айналдырғаны көрініп-ақ тұр. Бес жылға шегініс жасап, білім ордасы сол уақыттан бері әр жылды қандай нәтижемен қорытындылағанын сұрадық. Бес жылдың қорытындысы былай тұрсын, қай жылы қай шәкірті ҰБТ-дан қанша балл алғаны, қай оқушының қандай додаларда топ жарғаны, бәрі-бәрі Ерекеңнің жадында сақтаулы. Бастысы, соңғы бесжылдықта ауыл мектебі аудандағы бәсі биік білім ордасына айналған. Сөзімізге тұздық болу үшін өткен оқу жылын ауылдағы алтын ұя қалай қорытындылады, сараптайық...

Былтыр №33 орта мектепте 333 оқушы білім алса, оның 14-і – мектеп бітіруші. Түлектердің 13-і ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысқан. Орташа балл 81-ді құрайды. Ең жоғары балл – 109. ҰБТ қорытындысымен 11 оқушы бүгінде еліміздегі маңдайалды жоғары оқу орындарында мемлекеттік грантпен білім алуда. Ал бір түлек облыс әкімінің грантымен ЖОО-да білім алып жатыр. Тағы бір мектеп бітіруші арнаулы оқу орнына мемлекеттік грантпен оқуға түскен. Бір сөзбен айтқанда, ауыл мектебінен түлеп ұшқан оқушылар 100 пайыз грантпен оқу орындарында білім алып жатыр.

– «Ұстазы жақсының ұстанымы жақсы» дейді дана қазақ. Қазір бұл мектепте 76 ұлағатты ұстаз еңбек етеді. Бәсекеге қабілетті ұрпақ қалыптастыруда әрқайсысының айтарлықтай тәжірибесі мол. Әр жылды жақсы нәтижемен қорытындылап келеміз. Бұйыртса, осы оқу жылында да бұл дәстүр жалғасын табады. Оған бар қарым-қабілетімізді жұмсаймыз. Бағана 14 түлектің 13-і ҰБТ-ға барып, оның барлығы оқуға түскенін айттық. Ал ҰБТ-ға бармаған бір мектеп бітірушіміз министрлік тағайындаған грантпен оқуға түсті. Ол – біздің мектептің, жалпы ауданның, аймақтың мақтанышы, халықаралық спорт шебері Нұрдаулет Маратұлы. Шәкіртіміз әлемдік, халықаралық додаларда көк байрағымызды биіктен желбіретуде. Міне, тек білім саласында ғана емес, спорт саласы бойынша да осындай үлкен жетістіктеріміз бар. Бірақ біз оған тоқмейілсіп, жеткен межемізбен шектелуден аулақпыз. Мейлінше шәкірттерімізден елдің жарқын болашағына қызмет етер жастар қалыптастыруға жұмыс жасаймыз, – дейді Ерлан Өміртайұлы.

Иә, былтыр байрақты бәсекеде дәл осы мектептің түлегі Нұрдаулет Маратұлының жеңісіне куә болғанбыз. Аудан басшысы да жас та болса тәжірибелі спортшыны бапкерімен қабылдап, құрмет көрсетіп, ата-анасына да алғыс жаудырған. Одан кейін де Нұрдаулет үлкен додаларда талай рет жеңіс тұғырынан көрінді. Ал ауылдағы алтын ұядан биыл түлеп ұшқан Айгерім Сапарбек те аудандық, облыстық олимпиадаларда жүлделі орындардан көрініп, мектептің мерейін үстем еткен. Жаңа ҰБТ-дан ең жоғары 109 баллды да осы оқушы жинаған болатын. Бұған дейін білім додаларында жетекшілік еткен білікті педагог Сымбат Жанибай шәкіртінің салада әлі талай шыңды бағындыратынына сенеді. Қазіргі таңда Айгерім Сапарбек Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде «Туризм» мамандығы бойынша білім алуда.

Жалпы бұл білім ошағынан осыған дейін түлеп ұшқан оқушылардың әрқайсысының жетістігін жеке-дара айтып кетуге тұрарлық. Қазір мұның бәрін тарқатып жазар болсақ, өз алдына бір еңбекке жүк болары анық. Бастысы, мақсат айқын, жұмыс жүйелі. Ал нәтижесі біз баяндағандай.

№33 орта мектеп жаңа оқу жылын 327 оқушымен бастаса, оның ішінде 30-ға жуық оқушы мектеп табалдырығын алғаш аттап отыр. Биыл 20 бала мектеп бітіреді. Қазіргі таңда түлектердің барлығы ҰБТ-ға қатысуға ниетті. Қазір ұстаздар түлектермен дайындық жұмыстарын бастап кетті. Осыған дейін алдын ала 4 мәрте тест сұрақтарына жауап берген мектеп бітірушілер алдыңғы буын жолдаған дәстүрді жалғаймыз деп отыр.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Тұрғындар мәселесі шешімін табады

– Ел тарихының жаңа дәуірі басталды. Елімізде көптеген оң өзгерістер болып жатыр. Ендеше біз де санамызды жаңғыртып, жаңа қоғамға бейімделуге тиіспіз. Мемлекет басшысы елдің дамуына, мемлекеттің келешегіне қатысты батыл шешімдер қабылдап, тиісті министрліктер мен өңір басшыларына нақты тапсырмалар берді. Бұл бізге үлкен жауапкершілік жүктейді және халықтың сенімінен шығуға тиіспіз. Өңірімізде серпіліс бар. Ауқымды жобалар өз кезеңімен жүзеге асырылуда. Біздің мақсатымыз – облыс орталығын ғана көркейту емес, мемлекеттің қолдауын тиімді пайдалана отырып, аудандарды, ауылдарды дамыту, өндіріс орындарын ашып, жергілікті халықтың әлеуметтік жағдайын түзету.

Өздеріңіз білесіздер, Қызылорда – аграрлы аймақ. Ауыл шаруашылығымен айналысуға қолайлы. Соның ішінде егін, мал шаруашылығы дамыған. Биыл да егістің шығымы жақсы болды. Науқанды диқандар межелі уақытта аяқтап, жаздайғы еңбекпен өсірген дәнін төкпей-шашпай қамбаға құйып алды. Алайда біз ауыл шаруашылығындағы жетістіктерді бір жылдың көңіл көншітерлік көрсеткішімен ғана бағаласақ ұтыламыз, өнім мөлшерін жыл сайын көтеріп отыруымыз керек және сол бағытта ауқымды жұмыстар жасалып жатыр. Мамандар тарапынан егіс көлемін ұлғайту және оны әртараптандыру өздеріңіз мәселе етіп көтеріп жүрген аяқ су тапшылығының алдын алады деген болжам жасалып отыр. Сондықтан облыс көлемінде тек күріш қана емес, бақша дақылдарын егу, яғни көкөністер мен жеміс-жидектерді өзімізден өндіруді қолға алып жатырмыз. Мен осы мәселе бойынша барлық аудан әкімдеріне тапсырма бердім және оған толық мүмкіндік бар.

Құрметті аудан тұрғындары. Бүгін сіздердің алдарыңызға біршама әріптестерімізбен бірге келіп, жеке қабылдау өткіздім. Ауданда мәселе жоқ емес. Тұрғындардың жеке мәселелерін де тыңдадық. Барлығы да алдағы уақытта өз кезеңімен шешімін табатын болады. Жалағашта қай салада болса да алға ілгерілеушілік байқалады. Бұл – әрине алдымен аудан басшысының, содан кейін елдің бірлігінің нәтижесі, – деді Нұрлыбек Мәшбекұлы.

Расында бізге қазіргі уақытта тек бірлік керек. Халықтың бірлігі елдің келешегіне тікелей ықпалды. Ауданымыздың барлық саладағы табысты жетістіктері – билік өкілдері мен бұқара халық арасының жақындауының нәтижесі.

Кездесу соңында сөз алған аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Садық Әлиев және Жалағаш ауданының Құрметті азаматы, ел ағасы Кенжеғара Сүлейменов те елді тату бірлікке, адал еңбекке шақырып, аймақ басшысына аудан тұрғындары атынан алғыс айтты.

Қуат АХЕТОВ

← 1

Әбіш поэзиясының ерекшелігі

ХХ ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінің бірі – Әбіш Кекілбаев. Ол – қазақ әдебиетінде прозашы болып танылғанмен, поэзия, проза, драма, сын, публицистика, аударма жанрларының бәріне бірдей үлес қосқан қаламгер. Қазақ әдебиетінің бастау қайнарында тұрған құдыретті талант иелерінің бәріне ортақ асыл қасиет – көп қырлылық. Бұл ерекшелікті Әбіш Кекілбаев бойынан да көруге болады. Оның шығармашылығы ұлттық әдебиеттің классикалық байлығының қатарына жатады. Әбіштің терең идеялы, көркем мүсінді, эпикалық кең тынысты шығармаларының танымдық, тәрбиелік мәні зор. Неге десеңіз, әр туындысы қалың оқырманның ойына ой, сезіміне сезім қосады, қиялына қанат бітіреді. Иә, Әбіш Кекілбаев – үлкен талант иесі. Қаламгердің шығармалары зерделі зергер қолынан шыққан, хас сұлулығымен мөлдіреген тіл тазалығымен айрықша әсерлі.

Кез келген жазушының алғаш қадамын өлең жазудан бастайтыны баршаға аян. Оның себебі жан сырын лирикамен жеткізуді көздесе, екінші себебін екі ауыз өлең құрау жыр сүйген қазақтың қанына сіңген өнер болса керек. Ә.Кекілбаевтың да 1962 жылы шыққан «Алтын шуақ», 1999 жылы шыққан «Дүние ғапыл» жыр жинақтарына қарап, осы сырды аңғарамыз.

Туған жер – белгілі бір адам үшін оның ел-жұрты ғасырлар бойы ғұмыр кешіп және солай болып қалуы үшін жанын пида қылып күресіп келе жатқан құт-мекен, байтақ өңір ғана емес, туған шаңырағы, ата-ана, бала-шаға, жар-қосағы, дос-жаран, ағайын-туысы, солармен бірге жалғаннан көретін қызығы мен бақытының тұрағы, өлгеннен кейін де ұрпақтарына рухы жар болып жататын киелі топырағы. Ә.Кекілбайұлының «Туған жер», «Жол жыры», Туған жерге барғанда» өлеңдерінде ақын туған жерге деген ыстық сезімін асыл анаға деген махаббатымен ұштастыра білген. Ақынның туған жер тақырыбына арналған өлеңдері көп емес. Дегенмен осы тақырыптағы жыр шумақтарындағы лирикалық кейіпкер – ақынның көз алдында бала кезден таныс ауыл-аймақ, өскен өлке көріністері көз алдында қаз-қалпында тізіліп өтіп жатады әрі өзіндік сипатымен тартымды өрнек-суреттерге айналады:

...Ұланын қарсы алады, аласұрған,
Жайып қап жасыл кілем жағасынан.
Ақ жайық – аппақ әже осы өңірде
Ұл туса бұрын сүйеді анасынан, – деген өлең жолдарынан өшпес елеске айналған, қайта оралмас жас дәуренді тербеткен туған жер көріністерін еске алған лирикалық кейіпкердің сағынышын байқаймыз.

Ақын әр өлеңінде шындық аясынан шығып кетпей, туған жердің басқалар көрмеген қасиеттерін ашады, басқалар байқамаған сырларына үңіледі. Туған жер қасиеті оған сонысымен қымбат. Оның бәрі сайып келгенде, перзенттік, азаматтық, ақындық атты үш өлшемнің аясында жырланады.

...Ай сайын алыс жол шектім,
Шартарапты шарлаппын.
Қырымнан көріп қияңды,
Ұрымнан танып ұяңды... деген жолдарда ақын қиялы шарықтап, әлемнің шартарабын шарықтап кеткен сайын соның әрбір сәтінде өзінің туған жеріне қайтып оралып, оның өміріндегі өзгерістерді ақын көзімен қайта жаңғыртып, оның алуан түрлі қыр-сырын ақын көзімен байытып, ақын қиялымен асқақтата құлпыртып отырады. Ал бірде:

Жүресің ылғи есімде,
Өзіңнен жүрек босамай.
Құлын боп ойнап төсіңде,
Боздармын шетте ботадай, – деп ол өзіне біткен бүкіл дарынымен, шығармашылық өмірімен, адамдық болмысымен туған еліне, жеріне қарыздар екенін, қайда жүрсе де үнемі есінде екенін бейнелейді.

Иә, туған жер – алдымен әр адамға алтын бесік. Ол басқа кеңістікте қаншама есейіп, өсіп кетсе де, туған жеріне келгенде – перзент. Сондықтан соның қойнына қайтадан құндақталып, әлдиіне бөленеді, ата-аналық мейірінде ардақталады. Бірақ өзінің перзенттік борышын ұмытпайды. Расында Әбіш атамыз үшін Отан – оның елі, адамдары, табиғаты. Осылар арқылы ақын Отанымен туысады. Міне, ақын тағдыры осы. Ол елімен ғана емес, жерімен, туған даланың табиғатымен туысып кеткен. Ақын “алтын бесігін” өзінің туған ауылымен, өзі өсіп-өнген Маңғыстау топырағымен ғана шектемейді, ақындық шабыт лебімен облыс орамындағы бүкіл өлке өңірін, атырап-алқабын, қала-даласын түгел қамтып жырлайды. Соның бүгінгі дем-тынысымен қоса “салқын ауа, самал желіне, сағымды сай, мұнар беліне” дейін ақынның жан-жүрегін қозғап, қағаз бетіне өлең болып құйылып жатқанына автордың өзі де таң тамаша: кеудесіне екі жүректі бірдей орнатып, соның біреуін сол туған өлкесі өз қолымен ұстап тұрғандай сезінеді. Ақын өмірлік шындықты өз жүрегінің әсерімен, өз ақыл сезімінің көрігінде суарып шығарған.

Шытыра аққан шыңдары,
Шыр айнала қоршаған.
Бытыра сусыл құмдары
Бұлтия шөккен ортадан,
Мырзайыр деген жер бар-ды,
Мен үшін жердің кіндігі, – деген жолдарды оқысаңыз, ақынның туған жерге деген сүйіспеншілігінде жай сырттан қарап тамашалау, жалаң масайрау, өзімшілдікке саятын тар өрісті жадағай мақтау емес, шынайы перзенттік сезімнен туған, өз бойындағы қабілет-дарынды сол туған жер топырағының шарапаты деп ұғып, соның төлеуін жақсы өлең-жырмен қайтаруды борыш көреді.

Түйіндей келе, Ә.Кекілбаевтің туған жер тақырыбындағы өлеңдері жинақылығымен бірден көзге түседі. Тілге жеңіл, жаттауға оңай, әрі қысқа, әрі нұсқа өлеңдер жұп-жұмыр өз бітімімен жарасымды. Ә.Кекілбаев өлеңдерін оқығанда, шығармашылықтың ең оңайы өлең жазу сияқты әсер қалдыруы ғажап емес. Өйткені мойын бұрып қараса-ақ бітті, көл де, шөл де, жапырақ та, топырақ та, аспан да, тастар да, бәрі-бәрі өзінен-өзі өлеңге айналып жүре беретіндей.

Жахат Аяулым,
Т.Жүргенов атындағы №123 мектеп-лицейдің 11-сынып оқушысы,
облыстық «Әбіш оқуларының» І орын иегері

Сұхбат

«Мемлекет болашағын жастармен байланыстырады» деп көп жерде айтамыз. Бірақ мағынасына терең бойлай білсек, бұл – кейінгі буынға артылған үлкен сенім. Ал бүгінгі жастар дәл осындай сенім үдесінен шығып жүр ме, мемлекет тарапынан оларға қандай қолдау бар, оның қайсысын жастар тиімді пайдалануда? Бұл сауалдарға аудан жастарының еңбек лагерінде болған бір күнімізде лайықты жауап алдық. Иә, негізінен жалағаштық жастар соңғы жылдары жарқын жобаларды жүзеге асыруда алдына жан салмай келеді. Бастысы, олар қолға алған әрбір жобаның жемісін тұтастай аудан жұрты көріп келеді. Еңбек лагерінде нәзікжандылар үй жұмысында ұқыптылық танытса, жігіттер жағы дала жұмысында өздерін ширатты. Тіпті нәзікжандылардың бірқатары ерлермен етене жүріп, қайраттылық танытқанын көзімізбен көрдік. Аудандық жастар ресурстық орталығының директоры Нұржан Амандық та қайнаған еңбектің қақ ортасында жүр. Олай жүретін реті де, ауылда өсіп, қатарластарын қара жұмысқа салып, өзі анадай жерден бақылап тұрса, атына сын болатынын жақсы біледі. Көппен бірге шаруашылықтарға көмек берген жастардың көшбасшысын әңгімеге тартуды жөн деп таптық. Ауызын бақсақ, ауданда жастар саясатын жүзеге асыруда біршама ауқымды жобалар жүзеге асыпты.

Нұржан Амандық, аудандық жастар ресурстық орталығының директоры:

«Болашақ жастардың қолында» деген сөз – бізге артылған сенім

– Нұржан Раисұлы, қазір жалағаштық жастардың түрлі бағдарламаларға қатысып, ауданда бірнеше жобаны жүзеге асырып жатқаны елдің аузында жүр. Бастысы, бұл бағыттағы ілкімді істеріңе ел бас бармақпен баға береді. Әңгімемізді осы жобалардың мақсатымен бастасақ...

– Жалпы Жалағаш ауданында 14 пен 29 жас аралығында 7 974 жас бар. Бұл аудандағы жалпы халық санының 22,7 пайызын құрайды. Облыстық статистика департаментінің мәліметіне сүйенсек, ауданда жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі – 4,5 пайыз. Биыл аудандағы мемлекеттік жастар саясатын қаржыландыруға жергілікті бюджеттен 14 млн 406 мың теңге қаражат бөлінді. Оның ішінде 4 млн 525 мың теңгеге аудандық ішкі саясат бөлімінің мемлекеттік әлеуметтік тапсырысы аясында 3 әлеуметтік жоба жүзеге асырылуда. Тарқатып айтсақ, соның бірі – «Жалағаш ауданындағы жұмыссыз санаттағы жастарға бағытталған шараларды ұйымдастыру» әлеуметтік қызметі. Жобаның жалпы құны – 875 000 теңге. Жүзеге асырушы – «Шабыт» қоғамдық қоры. Бүгінге дейін «Шабыт» қоғамдық қоры және аудандық жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен аудан орталығында халық көп шоғырланған орындарда арнайы сала мамандарының қатысуымен кеңес беру шаралары, NEET санатындағы жастарды қоғамдық ортаға тарту мақсатында ауылдық округтерде аймақтық спорттық сайыстар, жастар және жасөспірімдер арасында қылмыстың алдын алу үшін түнгі рейд, нашақорлықтың зардаптары туралы жоғары сынып оқушылары арасында видеороликтер байқаулары, жас кәсіпкерлерді қолдау мақсатында сұхбаттар жүргізіліп келеді.

Мұнан бөлек жастарға патриоттық тәрбие беру және азаматтық белсенділігін арттыруға, шығармашыл жастарды қолдауға бағытталған әлеуметтік қызмет жұмысын ұйымдастыру да бар. Жоба құны – 1 млн 540 мың теңге. Жүзеге асырушы – «QA-ZAQSTAN JASTARY» қоғамдық қоры. Осыған дейін аталған қор мен аудандық жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен жастар арасында әскери спорттық сайыстар, аудандық жайдарман ойындары, психологиялық семинарлар, ерікті жастар қозғалысын дамыту, жастар арасында мерекелік шараларды атап өту жұмыстары жүргізіліп келеді.

Біз жастар форумы мен жастар сыйлығына байқау ұйымдастыруды да жүзеге асырып жатырмыз. Жобаның жалпы құны – 1 млн 390 мың теңге. Жүзеге асырушы – Жалағаш ауданы жастарының «Темірқазық» қоғамдық бірлестігі. Қазан айында өз саласының үздіктерін анықтау үшін байқау жарияланды, арнайы құрылған комиссия 10 номинация бойынша байқауға қатысып, іріктелген жастарды аудан әкімінің «Жалын» жастар сыйлығымен марапаттайды. Бір реттік сыйақы мөлшері – 100 000 теңге.

– Жалпы 5 жыл бұрын құрылған аудандық жастар ресурстық орталығының өңірде мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыруда рөлі қандай?

– Жалағаш ауданында мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыратын аудандық ішкі саясат бөлімінің «Жалағаш аудандық жастар ресурстық орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде бүгінде 7 адам жұмыс істейді. Орталық 2017 жылдан бері ауданымызда мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыруда қарқынды жұмыс атқарып келеді. Жастарды ауданның қоғамдық-саяси өміріне тарту бойынша тұрақты түрде түрлі тақырыптағы сауалнамалар алынып, қорытындысымен тиісті жұмыстар атқарылуда.

Биыл 9 айдың қорытындысы бойынша жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен 98 шара өткізіліп, оған 4700-ге жуық жас қатысты. Жыл басынан бері кездесу, акция, семинар-тренингтер, мерекелік шаралар, түнгі рейдтер, қайырымдылық шаралар, спорттық шаралар ұйымдастырылды. Аудан жастарының шығармашылығын дамыту мақсатында «Жастар кеші» аудандық жайдарман лигасы, жастарға ауылдың құндылықтарын насихаттау үшін «Еңбек» лагері, жастардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында ашық ақпарат көздерінен кинолар және спорттық сайыстардың тікелей көрсетілімдері дәстүрлі түрде жүргізіліп келеді.

– Жаңа сіз айтып өткен шаралардың барлығының да өзіндік мәні бар. Алайда бізге осылардың ішінде ең ұнағаны «Еңбек» лагері болды. Мақсатына арнайы тоқталсаңыз...

– Мақсаты – өздеріңіз көріп тұрғандай, жастарды еңбекке баулу. Бұл бізде жыл сайын ұйымдастырылып келеді. Онда аудан жастары бірнеше күн ауылдарға саяхаттап, дала жұмысында өздерін ширатады. Биыл кезекті «Еңбек» лагеріміз Әліби Бекжанов ағамыздың шаруашылық жерінде жалғасын тауып отыр. Халық қалаулысы 30 гектар жер ашып, онда бірқатар бақша дақылын орналастырыпты. Біз бірнеше күннен бері сондағы картопты жинау жұмысына жәрдем берудеміз. Ағамыз бір жағынан өзінің кәсіпке қалай қадам басқанын, жалпы ауыл шаруашылығы саласында нендей жобаларды қолға алғанын, оларды жүзеге асыру тәжірибесімен бөліседі. Міне, ертең алдыңғы буыннан осындай тәлім, өнеге алған бізден болашақта үлкен кәсіпкер шықпасына кім кепіл? Сондықтан мен де бұл шараның өзіндік ерекше мәні бар деп ойлаймын.

– Жоғарыда жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейін де атап өттіңіз, жастар арасындағы жұмыссыздық мәселесімен күресуде қандай шаралар қолға алынуда?

– NEET санатындағы жастарды анықтау мақсатында сауалнама жұмыстары жүргізілді. Сауалнамаға 15-28 жас аралығындағы 4 915 жас қатысты, бұл аудан жастарының 67,8 пайызын құрайды. Соның 412-сі NEET санатындағы жастар екені анықталды. NEET санатындағы жастармен жүргізілген жұмыстар нәтижесіне келсек, 59 жас тұрақты жұмыс орнына, 17 жас үй шаруасында, 72 жас бала күтімінде, 56 жас ақылы қоғамдық жұмыста, 85 жас өзін-өзі жұмыспен қамтығаны, 1 жас әскерде, 38 жас студент, 25 жас көшіп кеткен, 11 мүмкіндігі шектеулі жас, 48 жұмыссыз жас екені анықталды.

Бұл санаттағы жастарды жұмыспен қамтуға, кәсіпкерлікке тарту үшін тиісті жұмыстар жасалып келеді, жыл соңына дейін NEET санатындағы жастарды толық мемлекеттік бағдарламаларға қатысуына жұмыстар жүргізілетін болады. Биыл 9 айда жастар арасында жұмысқа орналасу бағытында бірқатар жұмыстар атқарылды. Мәселен, жыл басынан бері халықты жұмыспен қамту орталығына 1 405 жас жұмыс іздеуші ретінде тіркелсе, оның 1 169-ы немесе 83,2 пайызы жұмыспен қамтудың белсенді шараларымен қамтылды. Тарқатып айтсақ, әлеуметтік жұмыс орындарына 7, жастар практикасымен 168, қоғамдық жұмыспен 189, ұрпақтар келісімімен 4, алғашқы жұмыс орнымен 14, мемлекеттік грантпен 83, қысқа мерзімді оқумен 5, «Бастау-Бизнес» жобасы аясындағы кәсіпкерлік негіздегі оқумен 454, мемлекеттік қолдау шараларынсыз тұрақты жұмыспен 245-і қамтылды. Жасыл ел еңбек жасағына аудан бойынша жұмысқа тартылған жастар саны – 220. Жастардың «Дипломмен ауылға» сынды мемлекеттік бағдарламалармен алған көмегіне келсек, қазіргі таңда тұрғын үй несиесі 1500 АЕК құраса, көтерме жәрдемақы 100 АЕК-ны құрап отыр. Аудан бойынша 2010-2021 жылдары 931 маманға тұрғын үй несиесін алуға, 2 790 496 мың теңге қаржы берілген. 2009-2021 жылдары аралығында көтерме жәрдемақы 642 маманға 93 млн 627 мың теңге берілді. Биыл 72 маманға 22 млн 202 мың теңге біржолғы көтерме жәрдемақы берілді. Тұрғын үй несиесін алуға 42 маманға 192 млн 969 мың теңге беру жоспарлануда. Қазіргі таңда тұрғын үй несиесі бойынша 82 маман кезекке қойылған, оның ішінде 2021 жылы құжат тапсырғандары – 36 маман, 2022 жылы 46 маман құжат тапсырса, көтерме жәрдемақы бойынша кезекте тұрғандар саны – 254 маман, оның ішінде 2020 жылы құжат тапсырғандары – 61, 2021 жылы құжат тапсырғандары – 118, 2022 жылы құжат тапсырғандары – 75.

– Осы жұмыссыздықты тұсауда кәсіпкерлік саласын дамыту маңызды рөл атқарады. Ауданда жалпы бұл саланың дамуында ілгерілеу жоқ емес. Десе де ондағы жастардың үлесі қандай? Жалпы аудан жастарының кәсіппен айналысуға ынтасы қалай?

– Аудан бойынша биыл 8 айда тіркелген шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны 2 713-ке жетсе, оның ішінде 596 субъектісін немесе 22 пайызын 18-29 жас аралығындағы жас кәсіпкерлер құрап отыр. Тарқатып айтсақ, оның ішінде 322 дара кәсіпкер, 12 заңды тұлға, 262 шаруа және фермер қожалығы бар.

Биыл 8 айда аудандық мемлекеттік кірістер басқармасына 527 кәсіпкер тіркелсе, оның 41,9 пайызы немесе 221 бірлігі жас кәсіпкер екені белгілі болып отыр. Сондай-ақ жыл басынан бері ауданнан мемлекеттік, үкіметтік және өңірлік бағдарламалар аясында шағын және орта кәсіпкерлікті бастау немесе дамыту бағытында 109 кәсіпкер 2356,3 млн теңгеге қаржыландырылса, оның ішінде 9 жас кәсіпкер 37,1 млн теңгемен қаржыландырылды. Ұлттық жоба шеңберіндегі 1 225 200 теңге қайтарымсыз грант бойынша біршама жоба қолдау тапса, оның басым бөлігі жастардың үлесінде екенін мақтанышпен айтамыз.

– Волонтерлік қызмет көрсету бойынша аудан жастары ілкімді жобаларды жүзеге асырып жатқанын жақсы білеміз, осыған кеңірек тоқталсаңыз...

– Қазіргі таңда «Jalyndy jas» еріктілер мектебінің жұмысы жыл санап өз маңыздылығын көрсетіп келеді. Еріктілер азаматтық бастамаларды қолдау орталығының бастамашыл топтарды және еріктілерді қолдауға арналған шағын гранттарын жеңіп алу арқылы 3 Coworking орталығын, 3 спорттық үйірме ашып, 2 көшеге қоқыс жәшіктерін орнатып, ерекше балаларды қолдау бағытында 2 мекемеге материалдық демеушілік жасап, ауылды көркейту үшін 2 ауылға жаңа жоба және 1 отбасыға баспана табыстады. Биыл 8 айда еріктілер жалпы құны 6 млн 135 мың теңгені құрайтын 16 жоба жеңіп алды. «Ауылда азаматтық бастамаларды дамытуға бағытталған шаралар кешенін ұйымдастыру» жобасы аясында 2020 жылы 14 жоба 5 млн теңге, 2021 жылы 6 жоба 5,5 млн теңге грантпен жүзеге асырылды. Соңғы 3 жылдың ішінде республикалық шағын гранттар байқауына қатысу арқылы 16 млн 635 мың теңге инвестиция тартылды. Бұл көрсеткіш өзге аудан жастарымен салыстырсақ, ең жоғары нәтиже екенін байқаймыз.

– Жастар арасында орын алған қылмыстарда өткен жылмен салыстырғанда өсім бар ма, сондай-ақ кейінгі буынның арасында діни ахуал қалай?

– Осыған дейін жастармен жасалған қылмыстар саны – 9, отбасылық-тұрмыстық салада жасалған құқықбұзушылықтар саны – 1, кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқықбұзушылықтар саны – 1. Жастар және жасөспірімдер арасында орын алатын қылмыстардың алдын алу мақсатында аудандық полиция бөлімімен бірлескен жұмыстар тұрақты жүргізіліп келеді. Бастысы, нәтиже бар. Сондықтан бұл шаралар алдағы уақытта да өз жалғасын табады. Ал сіз айтып отырған жастар арасындағы діни ахуалға келсек, аудан жастары арасында жергілікті мешіттерге баратын радикалды ағым жетегінде жүрген жастар жоқ. «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ Жалағаш аудандық бөлімі және аудандық жастар ресурстық орталығы ауданда жастардың діни сауаттылығын арттыру, дәстүрлі емес діни ағымдардың алдын алу мақсатындағы акцияларды тұрақты түрде өткізіп, ақпараттық түсіндірме жұмыстарын жүргізіп отыр. Мектептердің бітіруші түлектерімен және кент орталығында орналасқан колледж студенттерімен кездесулер өткізілуде.

– Білім, спорт саласының алға басуында аудан жастарының рөлі қандай?

– Жалағаш ауданы бойынша 2022 жылы 358 түлек мектеп бітірді. Олардың 323-і ҰБТ-ға қатысып, жалпы көрсеткіш 82,1 пайызды құрады. Жалпы бітірушілердің 316-сы еліміздегі маңдайалды ЖОО-ға түссе, 41-і АОО-ға түсті. Аудан оқушылары облыстық, республикалық ғылыми жобалар конкурсынан жүлделі орындар иеленіп келеді. Өткен оқу жылында жалпы ғылыми жоба конкурсына 343 оқушы қатысып, 157 оқушы жүлделі орындар иеленді. Облыстық кезеңнен 12 оқушы жүлделі орындар иеленсе, республикалық кезеңнен 3 оқушы жүлдегер атанды.

Жастардың спортпен шұғылдануы және бос уақытын тиімді ұйымдастыру бойынша да жетістіктер бар. Қазақстан Республикасының дене шынықтыру және спортты дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасына сәйкес, бұқаралық спорт саласында аудан тұрғындарының дене шынықтырумен және спортпен жүйелі түрде шұғылдануын қамтуды ұлғайту ауданда басым бағыттардың бірі болып отыр. Дене шынықтыру және спорт саласы бойынша 2021 жылдың қорытындысымен дене шынықтыру және спортпен жүйелі түрде шұғылданушылар қатары 34 пайызға көтеріліп, 11 985 адамға жетіп отыр. 2021-2022 оқу жылында №14 балалар-жасөспірімдер спорт мектебі, №13 олимпиадалық резервтік мамандандырылған жасөспірімдер спорт мектебі және «Наркескен» спорт клубында дене шынықтырумен және спортпен шұғылданатын 7 мен 18 жас аралығындағы балалар мен жасөспірімдер саны 25 пайызға жетті.

«Мемлекет болашағы жастардың қолында» деген сөзді біз алдыңғы буынның бізге артқан сенімі деп білеміз. Сондықтан мейлінше барлық салада жақсы жетістікке жетіп, өзімізді еңбекқорлыққа, патриоттыққа баулуға тырысамыз.

– Сұхбатыңызға рахмет!

Сұхбаттасқан Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Тұлға

Таулар алыстаған сайын биіктей беретіні секілді, өмірден кеткенімен өрелі, өнегелі істері арқылы ұрпақтың жадында сақталып қалатын аяулы азаматтар қаншама десеңші? “Әр адамның өмірі – айтылмаған сыр, жазылмаған жыр, оқылмаған дастан” деп халқымыз бекер айтпаған. Қамшының қысқа сабындай өмірінде саналы ғұмырын жастардың тәрбиесіне, оларды білім нәрімен сусындатуға және бүгінгі жаңарған Жалағаш ауданының дамуына, мәдениет саласының өсіп-өркендеуіне, артында өшпейтін із қалдырған, салаға ұзақ жылдар басшылық жасаған аяулы азамат, марқұм Комвуз Әбдрашитұлы Бердәулетов еді.

Есімі елінің есінде

Комвуз Әбдрашитұлы Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, М.Шәменов ауылында 1932 жылдың 6 тамызында дүниеге келген. Ол 1948 жылы Қызылорда қаласындағы педагогикалық институттың “Тарих” факультетіне оқуға түсіп, 1952 жылы бітіріп, №31 орта мектепте ұстаздық еңбек жолын бастайды. Бұл соғыстан кейінгі халық шаруашылығын қалпына келтірудегі ауыр еңбек пен бейнеттің қиын кезеңдері болатын.

Халықтың әлеуметтік тұрмысы да қоң торғай еді. Осындай шақта ұстаздық жұмысын бастаған Кәмекең аудан орталығында орыс-қазақ орта мектебінде санаулы жоғары білімді маман ретінде еңбекке құлшына кіріседі.

Екі тілді еркін меңгерген Кәмекең сол кездегі ауыл интеллигенттерінің алдыңғы қатарынан көрініп, ауданның қоғамдық-көпшілік жұмыстарына белсене араласқан. Ол 1953-1954 жылдары аудандық оқу бөлімінің мектеп инспекторына жоғарылады. 1954-1957 жылдары Кеңес әскері қатарында қызмет атқарып, офицер шенімен елге оралған. Ол №31 мектепте ұстаздық жолын жалғастырып, 1961 жылға дейін осы мектепте оқу ісінің меңгерушісі қызметінде болған. Оқушыларға заман талабына сай білім беруде және тәрбиелеуде, олардың өміріне бағыт-бағдар беруде Кәмекеңнен тәрбие алғандардың бірі – осы жолдардың авторы.

Кәмекеңнің білім беру саласындағы жемісті жылдары аудандағы көп ұлттан тұратын бұрынғы Калинин кеңшарындағы, қазіргі Бұқарбай батыр ауылындағы №33 аралас орта мектепті 1961-1973 жылдары оқу ісінің меңгерушісі, кейін директоры болған кездері. Сол жылдарда №33 орта мектептің оқушылардан құралған оқу-өндірістік бригадасының жақсы жұмыстары облыс, республика көлемінде насихатталып, Мәскеудің халық шаруашылығы көрмесінде өзінің тиісті орнын алған болатын. Осы жылдары №33 мектептің түлектері еліміздегі айтулы оқу орындарын былай қойғанда, екінің бірінің қолы жетпейтін Мәскеудің авиация институтына түскен. Олар Бекжанов Ақберген, Шарипов Салам, Қартбаев Әбіласандар еді.

Комвуз Бердәулетов 1973 жылдары сәуір айынан өмірінің соңына, яғни 1988 жылдың тамыз айына дейін аудандық мәдениет бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарды.

Ертеректе марқұм, ұзақ жылдар Кәмекеңнің қарамағында қызмет етіп, тәрбиесін көрген, есімі облысымыздың мәдениет саласына танымал, Қазақстан Республикасының Мәдениет қайраткері Тынымбай Мәдиевпен ой бөліскенімде, ұстаз ағасы Кәмекеңе деген шынайы сезім мен үлкен толғаныспен шабыттана былайша ой бөліскен еді:

– Жақсылар жақсымын деп айта алмайды, жамандар жақсымын деп айта алмайды, бауырында жүрген соң күнде көріп, таулардың биіктігі байқалмайды, – деп Тынымбай інім әңгімесін әріден бастағандай болатын: Қазақ елінің мәдениеті мен өнерінің өсіп-өркендеуіне өзіндік үлес қосқан Темірбек Жүргенов, Ильяс Омаров, Өзбекәлі Жәнібеков десек, аудан мәдениетінің дамуына Комвуз Бердәулетовтің қосқан үлесі ерекше болды. Кәмекең аудандық мәдениет бөліміне басшы болып келген бойдан еңбек тәртібін жолға қойды.

Аудандық мәдениет үйі мен ауылдық клубтарды, орталық кітапхана жүйесін жылжымалы клубтарды жұмысын жүйелі жүргізуге мән берді.

Бет-бетімен жүрген 13 жылжымалы клубтар әр айдың 20 күнін кесте бойынша іс-сапарда болып, 10 күнін материалдық-технткалық базасын нығайтуға, автоклуб меңгерушілері келесі сапарға тыңғылықты дайындалатын болды. Аудандық мәдениет үйімен клубтарда көркемдік кеңес құрылып, мәдени-көпшілік шаралардың кестесі жасалып, ауыл мәдениетін көтеруге көңіл бөлінді. Аудандық мәдениет үйінің жолындағы әдістемелік бөлімнің базасы нығайды. Мәдениет ошақтары жоқ елді мекендер мен ферма орталықтарында «Қызыл отау» жылжымайтын кітапхана ұйымдастырылды. Жаңадария кеңшарының «Аққолқа», «Бестам», «Жалағаш» кеңшарында «Ақшал», “Аққырдағы” «Шәргелтайда» қызыл бұрыштар ашылды. Обылыс көлемінде тұңғыш рет мердігерлік әдіспен жұмыс жүргізетін отбасылық жылжымалы клубтар ұйымдастырылып, егіншілер мен малшыларға мәдени қызмет көрсетіле бастады. Жыл сайын аудан орталығында Ауыл күндері өткізіледі. Аудан халқы еңбек озаттарымен кездесіп, ауыл шаруашылығы көрмесімен танысып, ауыл өнерпаздарының концерттік бағдарламаларын көре бастады. Атап айтқанда, Қаракеткен елді мекенінде «Қыр гүлі», Аққұмда «Аққұм әуендерін», Жаңаталапта «Шұғыла», Аққырда «Қызғалдақтар», Калинин атындағы кеңшарда «Торади» ән-би ансамбльдері, “Жаңаталапта” драма үйірмесі, “Аққырда” ұлттық аспаптар оркестрі, халық арасында өнерлерін көрсетіп көрермендердің ықыласына бөленді. “Ақарық” кеңшарында ұйымдастырылған «Қызғалдақтар» халықтық би ансамблі 1986 жылы «халықтық» атаққа ие болды.

Аудан орталығынан Ұлы Жеңістің 30 жылдығы қарсаңында облыста тұңғыш рет соғыс еңбек ардагерлерінің «Ардагерлер» ансамблі құрылды. Аудандық мәдениет үйінің жанынан драма үйірмесі, «Арай» мәдениет үгіт бригадасы, «Атамұра» ұлттық аспаптар оркестрі ұйымдастырылды. 1976 жылы құрылған драма үйірмесі 1996 жылы «Халық театры» атағына ие болды. 1970 жылы В.И.Лениннің 100 жылдығы және КСРО-ның 50 жылдық мерекесіне құрылған «Алтын Арай» ән-би ансамблі 1976 жылы «Халықтық» атақ алды. Ансамбль 3 рет республика астанасы Алматыда өнер көрсетіп, аудан мәртебесін көтерді. 1982 жылы Мәскеуде өткен «Отанды жырлаймын» атты бүкілодақтық фистивалға қатысып, бүкілодақтық халық шығармасы көрмесінің құрметті дипломымен, 20 өнерпаз ескерткіш медальмен, ансамбль мүшелері Жұмабек Аққұлов, Хегай Галина, Сәуімбай Шегебаев бүкілодақтық ауыл шаруашылық көрмесінің қола медалімен марапатталды. Ансамбль Ұлы Жеңістің 30 жылдығына арналған «Отты жылдар әуендері» атты телефистивальға қатысып, екінші дәрежелі дипломға ие болады. Сондай-ақ «Алтын Арай» халықтық би ансамблы мен халықтық ән-би ансамблы «Алтыбақан» телевизиялық ойын-сауық орталығында өнер көрсетті. Өткен ғасырдың сексенінші жылдары Комвуз Бердәулетовтың тікелей басшылығымен аудандық мәдениет үйінің бір бөлмесінде ауданның тарихи мұражайы ашылды. Жәдігерлер мен құжаттар, тарих, көне ескерткіш дүниелерді жинауға мәдениет қызметкерлері, тарихшылар жұмылдырылды. Бұл жұмысқа жылжымалы клуб меңгерушісі, зейнеткер Сарманов Орынбай басшылық жасады. Мұражайды безендіруге және көркемдік жұмыстарды жүргізуге суретшілер Сергей Баталов, Қанатбай Бегімсалов кірісті. Темірбек Жүргенов, Хамза Сарбасов, Әбілда Жүргенбаевтардың суреттері салынып, аудан өмірі жайлы деректер, тарихи ескерткіштердің макеті жасалып қойылды. Осы жұмыстардың нәтижесімен 1999 жылы аудандық тарихи өлкетану мұражайы ашылып, «Абай» кинотеатрының ғимаратына көшірілді. Комвуз ағамыз өнерді сүйе білетін басшы бола білді. «Мәдениет бөлімінің басшылығына келгенге дейін мәдениет мекемелері көзге ілінбейтін жәй мекемелердің бірі еді. Кәмекең ағамыз мәдениет деген мекеме бар екенін іс жүзінде көрсетті. Мәдениет дегеніміз өнер, өмірдің өзегі екенін танытып, мұрынын шүйіріп қарайтындарға мойындатқан да Комвуз Бердәулетов болатын» деп Тынымбай ағынан жарылған еді.

Ұзақ жылдар осы салада басшылықта болған Кәмекең жастарға қамқоршы болды. Атап айтқанда, аудандық мәдениет үйінің директоры М.Әбжанов облыстық халық шығармашылық орталығының директоры қызметіне көтерілді. Алма Қойшығұлова аудандық мәдениет бөлімінің басшылығынан облыстық мәдениет басқармасына жауапты қызметке, Баян Төлегенова аудандық кітапхана директоры қызметіне жоғарылады. Бір сөзбен айтқанда, Комвуз Бердәулетов аудан мәдениетін өркендетуде артында айтарлықтай із қалдырғанын мақтанышпен айта аламыз, деп Кәмекеңнің шәкірті, мәдениет қайраткері Тынымбай інім тебірене толғанған еді.

Иә, өмірде сыйластықта болған, олардың ғибратты өмірлерінен үлгі-өнеге алған, дүниеден өтіп кеткен Кәмекең сияқты ағаларды еске алғанда көкірегіміз нұрланып, жүрегіміз елжіреп, жан сарайымыз ашылып қалғандай болады. Кәмекең сияқты азаматтардың жарық дүниедегі өнерлі өмір жолдарын еске алып жүретін азаматтар көп болса екен деймін.

Рысбай КӘРІМОВ,
Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі,
Жалағаш ауданының Құрметті азаматы

Мәдениет – өмірдің мәйегі

Азаттықтың арайлы таңынан бастап елдің санасын сілкінтуге бағытталған батыл бастамалар мен мазмұнды бағдарламалардың байыппен іске асуына ақын-жазушы, кітапханашы, әртістер мен архив, музей, өнер ошағындағы өзге де мамандар қосқан үлес өлшеусіз. Өзіндік төл мәдениетімізді, өнерімізді сақтап дамытпай, өркениетке ұмтылу мүмкін емес. Қазіргі жаһандану процесінде біз өзіндік ұлттық мәдениетімізбен енбесек, көп нәрседен ұтыламыз. Ұлттық өнерімізді дамыту, одан әрі шыңдау, халыққа насихаттау негізінде Бұқарбай батыр ауылдық мәдениет үйі де біршама жұмыстар атқарып келеді.

Негізі ғасырға жуық тарихы бар Жалағаш жері талай талантты шыңдаған шежіренің ордасы, мәдени мұраға бай киелі мекен екені де даусыз. Қазірдің өзінде ауқымды істердің, игі бастамалар қолға алынған өңірдің дамуы, көркейіп, келбетінің артуы көрген көзге қуаныш сыйлайды. Қай саланы алып қарасақ та, алға жылжу бар. Ал тарихы тұнған шежірелі батыр ауылының мәдениеті ақын-жыршы Төлеубай Үркімбаевтан бастау алып, ұрпақтар сабақтастығымен жалғасып келеді. Өнер табалдырығын аттаған бүлдіршіндер мен әлі де өнерін ұштап жүрген таланттар мен дарындарды шыңдайтын да мәдениет ошағы екені белгілі. Ал мәдениет – ғасырлар бойы жинақталып, адамзат өнерінің, руханиятының, болмысының үлкен жиынтығы болса, өнер – қазақтың киелі тұрмыс-тіршілігінде, бітім-болмысында қазақ деген ұлтпен бірге қайнасқан. Өнер – екінің бірінде болмайтын үлкен бақ. Себебі талант тәңірден, баға халықтан. Сондықтан аудандағы мәдениет саласының дамуына үлес қосып жүрген жандардың еңбегіне лайықты баға беру де сіздерден.

“Халыққа қызмет – абыройлы міндет” демекші, біз әңгімелеп отырған Бұқарбай батыр ауылдық мәдениет үйі өткенді ұмытпай, болашаққа нық қадам басуда жолынан жаңылған емес. Бірлігі бекем ұжымды басқарып отырған Гүлмария Ильясова да өз қызметіне берілген іскер басшылардың бірі. Сөз арасында тіпті денсаулығымызды да ұмытып жатамыз деген Гүлмария Кеңесқызы адалдық пен жауапкершілік бар жерде жемісті жұмыстар салтанат құратынын айтады. Нақты мақсат, жүйелі жоспар әрқашан оң нәтижеге жеткізіп, абырой биігіне шығарады деген маман қазақ мәдениетінің қашанда жоғары тұратынын да тілге тиек етті.

– Басшы өзінің ісін жақсы білетін, жан-жақты білімді, қабілетті ұйымдастырушы, алдына қойған мақсатын батыл орындайтын маман болуы қажет. Мен осында басшылыққа келгелі бері осы қағиданы қатаң ұстанып, тек басшы болуды ғана емес, әр қызметкердің жанына үңіле алатын сырласы, кез келген ұжымдағы қиындықты әділ әрі тиімді шешуге жұмыс жасайтын іскер болуды және ең бастысы барлық істің белгілі бір нәтижеге жетуіне күш салуды жадымда ұстап келемін. Біздің мәдениет үйінің материалдық-техникалық жағдайын жақсарту, қызметкерлерге шығармашылық бағыт-бағдар беру, мәдени шаралардың жоғары деңгейде өтуін қадағалау, күрмеулі мәселелерді уақытында шешу де үлкен жауапкершілік жүктейді. Әрине әр іске халық сыншы. Уақыт талабына сай көрермендердің де талғамы артып, өнер шынайылығына үлкен мән беретін жағдайға жетті. Міне, осындай талаптарға сай халыққа мәдени қызмет көрсетіп отырған ұжымымыз түрлі байқау мен конкурстарға қатысып, жүлделі орындар иеленіп, абырой биігінен көрініп те жүр.

Қазіргі уақытта мәдениет үйінде бес үйірме жұмыс жасайды. Ән, қолөнер, көркемсөз, сурет үйірмесі және «Ақ босаға» аналар клубы. «Үйірменің үйретері мол» дегендей, әрбір үйірме мүшелерінің мүмкіншілігі мен талғамын ескере отырып, репертуар таңдау, сахна мәдениетін үйрету, маман ретінде дәріс беру мәдениет үйі қызметкерлерінен үлкен ізденіс пен шығармашылықты талап етеді. Егер үміт артқаның ақтаса, сен қосқан бәйгеде кіл мықтының арасынан суырылып шығып, жеңіске жетсе, сенім үдесінен шыға алса, әрине біздің мерейіміз үстем, абыройымыз асқақ деуге болады, – дейді кәсіпорын басшысы.

Ауылдағы мәдениет үйінің жұмысымен, рухани ортадағы тыныс-тіршілікпен танысу барысында ұжымдағы тағы бір ерекше жұмыстарға қанық болдық. «Қарты бар үйдің қазынасы бар» дейтін тәмсілді берік ұстанатын ауылдық мәдениет үйі ардагерлермен де тығыз байланыста жұмыс жасайды. Жастарды имандылыққа баулуда ардагер аға-апаларымыздың алар орны ерекше деген Г.Кеңесқызы үлкендердің батасын алмай, жақсылыққа жетемін деу әсіре сілтеушілік дейді.

Мәдениет пен руханият егіз десек, саланы өркендетуде, дамытуда және еліміздің мәдени болмысын әлемге паш етуде өзіндік таланты мен талабын қатар қамшылайтын талант иелерін тәрбиелеуде рухани орданың маңызы зор. Бұқарбай батыр ауылының мәдениет үйіндегі үйірмелерден тәрбиеленіп шыққан үйірме мүшелері халықаралық, республикалық, облыстық, аудандық байқаулардан жүлделі орындарды иеленіп үлгеріпті. Мәселен, ән жанры бойынша халықаралық байқаудың «Үміт» сыйлығының иегері, Мәскеу қаласында өткен Лемешеев атындағы халқаралық байқаудың бас жүлде иегері басқа да республикалық, облыстық байқаулардың жүлдегері, Астана қаласындағы Қазақ ұлттық Өнер Университетінің студенті Хайрулла Айбек, республикалық, облыстық байқаулардың жүлдегерлері, ән жанры бойынша Т.Жүргенов атындағы қазақ ұлттық өнер академиясы, Музыка өнер факультеті «Халық аспаптар» бөлімінің 2 курс студенті Гүлзат Мирамбек және Айгерім Сапабек, Рахат Ғабитұлы, Күнбай Ислам, көркемсөз жанры бойынша Диана Байхожаева, Жансезім Ерқасым, Нұрай Рахматулла, қолөнер жанры бойынша Есбол Айым, Әли Нұрдәулет, жыр-терме жанры бойынша Аян Шуақбай, Нұрислам Қожан, Інжу Сайдулла сынды тағы басқа да өнерпаздар ауыл мақтанышына айналған.

Ал аядай ғана ауылдан шыққан осындай таланттарды киелі шаңырақта баптап, бабына келтіріп, өнер майданына қосып жүрген мәдениет үйінің басшысы Г.Ильясова да салада жүрген жылдары еселі еңбек етіп, лайықты бағасын алған. Қызылорда облыстық мәдениет басқармасының «Үздік кәсіпорын басшысы», «Мәдениет майталманы» номинациясымен, «Еңбек даңқы» медалімен, аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің, аудан, ауыл әкімдерінің алғыс хаттарымен марапатталды. Сонымен бірге ауылдағы мәдениет үйінің талай жетістікке жетіп, әр істің нәтижелі болуына және шәкірттердің байқауларда жұлдызы жанып, үздік атануына күн-түн демей тер төгетін үйірме жетекшілерінің де бағындырған биігі аз емес. Мәдениет үйі басшысы әңгіме барысында әр үйірменің, ондағы шәкірттердің лайықты әрі сапалы білім алуына, әр баланың жеке тұлғалық қыры ашылып, табиғи талантының, ерекшелігінің одан ары дамуына, шығармашылық жұмыстарының жандануына бірден-бір себепкер осы ұжым мүшелері екенін жеткізді. Мәселен, әркез ізденіс үстінде жүретін Ф.Сәрсенбай «Үздік әдіскер – 2014» аудандық байқауынан бас жүлде, облыстық «Үздік әдіскер» байқауынан III орынды иеленсе, «Үздік әдістемелік бұрыш» облыстық байқау көрмесінде де III орын алыпты. Қызылорда облыстық халық шығармашылығын дамыту және мәдени-продюсерлік орталығының, аудан, ауыл әкімінің алғыс хаттарымен марапатталған. Ал Н.Есқалиева үйірме жұмыстарына басшылық жасап, оқушылардың мәдени шараларға қатысуына ықпал етіп отырады. Жастарға бағыт-бағдар беріп, еңбек тәжірибесімен де бөлісіп жүрген білікті мамандардың қатарында. Әсіресе мәдени шаралардың өз деңгейінде өтуіне үлкен жауапкершілікпен қарайтынын байқадық. Бұл кісі де бірнеше мәрте марапат төрінен көрініпті. Үйірме жетекшісі Л.Серикбаева тақырыпқа сай сахна прологтарында рөлдерді сомдайды. Ауданда өткізілген спорттық және қоғамдық шараларға да белсене араласып, ауыл арасында ғана емес, аудан орталығында да кәсібилігін дәлелдеп жүр.

Осындай өнер тарландары шыққан ауылдан жас дарындарды шыңдап баулу, халыққа таныту, шығармашылығын арттыруды басты назарға алған ұжымның жұмысына риза болып, алдағы жоспарларына сәттілік тіледік. Тасадағы таланттарды тәрбиелейтін осындай рухани орданың сала дамуына қосар үлесі де зор деп есептейміз. Сонау қазақ мәдениетінен бастау алған ұлттық өнер түрлерін бала бойына сіңіріп, мәдениет пен өнер жолына қанат қақтыру, алтын асықтай алғырларды, зеректерді, таланты мен талабы бір арнада тоғысқан жастарды біліммен сусындату болашақтың кілтін ұстар тұлғаларды қалыптастыру деген сөз.

Н.АЛМАСҚЫЗЫ

Қазақстан Республикасы Президентінің «Әкімдердің халықпен кездесулерін өткізу туралы» 2022 жылғы 3 наурыздағы №826 Жарлығына сәйкес, 2022 жылдың IV тоқсанында Жалағаш ауданының және кент, ауылдық округ әкімдерінің халықпен кездесулерінің кестесі

№	Кент, ауылдық округ атауы	Өткізілетін күні, уақыты	Өткізілетін орны
	Жаңадария ауылдық округі	22.11.2022 сағ:09.00	№203 орта мектеп
	Аламесек ауылдық округі	22.11.2022 сағ:10.30	Ауылдық мәдениет үйі
	Еңбек ауылдық округі	22.11.2022 сағ:12.00	Ауылдық мәдениет үйі
	Аққұм ауылдық округі	22.11.2022 сағ:15.30	Ауылдық клуб
	Таң ауылдық округі	22.11.2022 сағ:17.00	Ауылдық мәдениет үйі
	Аққыр ауылдық округі	23.11.2022 сағ:09.00	№188 орта мектеп
	Жаңаталап ауылдық округі	23.11.2022 сағ:10.30	№119 орта мектеп
	Мақпалкөл ауылдық округі	23.11.2022 сағ:12.00	№117 орта мектеп
	Мәдениет ауылдық округі	23.11.2022 сағ:15.30	Ауылдық клуб
	Мырзабай ахун ауылдық округі	23.11.2022 сағ:17.00	№122 орта мектеп
	Қаракеткен ауылдық округі	24.11.2022 сағ:09.00	Ауылдық клуб
	М.Шәменов ауылдық округі	24.11.2022 сағ:10.30	№34 орта мектеп
	Бұқарбай батыр ауылдық округі	24.11.2022 сағ:12.00	Ауылдық мәдениет үйі
	Ақсу ауылдық округі	24.11.2022 сағ:15.00	№116 орта мектеп
	Жалағаш кенті	29.11.2022 сағ:11.00	Мәдениет және өнерді дамыту орталығы

Бақұл бол, ардақты дос

Қамшының сабындай қысқа ғұмырда ешкім де, ештеңе де мәңгілік емес. Кеше ғана ортамызда жүрген ардақты досымыз, сыныптасымыз Қалтаев Келімбет Сәруарұлы да 2022 жылдың 26 қазанында бақилық болды. Абзал азамат хақында өткен шақпен естеліктер айту бүгінде бізге де оңай емес. Амал қанша, тағдырдың басқа салған сынағына сабыр қылмасқа пенде шіркінде шара болып па?!

Қалтаев Келімбет Сәруарұлы 1960 жылы 18 сәуірде Жалағаш кентінде дүниеге келген. 1977 жылы кент орталығындағы №31 орта мектепті бітіріп, дәл осы жылы Қызылорда қаласындағы Гидромелиоративтік институтына оқуға түседі. Аталған іргелі оқу орнын 1985 жылы тәмамдап, аудандық су шаруашылығы мекемесінде алғаш еңбек жолын бастап, аталған мекемеде түрлі қызметтерді абыроймен атқарды.

Ардақты досымыз, білікті маман Келімбет Сәруарұлы мұнан кейін де түрлі мекемеде қажырлы еңбек етіп, жас мамандардан өзі секілді білікті кадр қалыптастыруда аянып қалмады. Бастысы, саналы ғұмырында өңірдің өркендеуіне өлшеусіз үлес қосқан абзал азамат біздің жадымызда жақсы қасиеттерімен қалды.

«Орнында бар оңалар» дейді дана қазақ. Қазір асқар тау әкенің артында аяулы жары мен екі баласы бар. Соларға қарап, өз-өзімізді жұбатқан боламыз. Жатқан жерің жайлы, топырағың торқа, иманың жолдас болсын, аяулы дос. Сен біздің жадымызда ұзақ уақыт сақталасың.

Еске алушылар сыныптас достары

Тағылым

Ардагерім – ақылшым, қарттарым – қазынам

Өмірі өнегемен өрілген дария кеуде қариялардың, ардақты ардагерлердің көзі тірісінде ақ батасын алу сөз қадірін жете түсінетін қазақтың әрбір азаматы үшін үлкен тілеулі іс деуге болады. Көнекөз қариялардың, көпті көрген ардагерлер қауымының ақ батасы ел ішіндегі жақсы істердің жүзеге асуына, кейінгі буынның сол бата арқылы көгеріп-көктеуіне жол ашады. Үлкендер бар жерде береке де, бірлік те болады. Өйткені ақыл мен адамгершілікті, парасат пен пайымды, өнеге мен үлгіні және сабыр мен шүкірлікті өне бойына жиған алдыңғы буын аға-апалар бүгінгі жастар үшін тірі тарих.

Жалпы даналықтың алтын кілті – ата-бабаларымыз, ақылшы ардагерлеріміз. Ата жолын жалғап келе жатқан бүгінгі ақсақал аталарымыз бен ақжаулықты әжелеріміз. Олардың әрқайсысы шаңырақтың шаттығын сақтап, бірлігін бекем етуге ақылын айтар елі мен жерінің кеңесшісі. Әр отбасының арқа тұтар асылдары. Үйінде үлкені бар үйдің балалары да өзгеден ерек, ортасындағы ерекшелігі қариялардың ыстық алақанынан дәм татып, жауһар сөздерін саналарына сіңіріп өскендігі білінеді. Ата дәстүр салтымыздан тайдырмай, салтын сақтар бабалар жолымен жүруімізге себепші де осы қазыналы қариялар. Сондықтан болар, қарты бар үйден қазақылықтың иісі шығып тұрады.

Жалағаш жеріндегі жарқын жобаларға, игі істер мен жаңаша бастамаларға тілекші қашанда осы кісілер. Көрген-білгенін, түсінген-түйгенін тәжірибе ретінде өзінен кейінгілерге, жастарға дарытып отыратын да осы кісілер. Өнегелі істердің бастауы да көпті көрген ақсақалдарымыз бен ақжаулықты әжелеріміз. Аудандағы ардагерлер кеңесінің түрлі бағыттағы мәдени, қоғамдық, спорттық шараларда бой көрсетуі де аудан ақылшыларының белсенділігін көрсетіп келеді. Жыл сайын дәстүрлі түрде өтетін, жоспардан тыс шаралар да ардагерлер қауымын айналып өтпейді. Ардагерлер арасындағы тоғызқұмалақтан аудандық жарыс, үлкендеріміздің бос уақытын тиімді өткізу мақсатында ұйымдастыратын балық аулау сынды кішігірім демалыс шаралары, партиямен, жастармен бірлескен жұмыс, мұның бәрі аудандық ардагерлер кеңесі мүшелері үшін таңсық емес. Жуырда ғана облыстық ардагерлер кеңесімен бірлескен басқосудың біздің ауданымызда өтуі де аудандағы ардагерлер жұмысының жүйелілігінен хабар береді.

Аптаның бейсенбісінде облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев, облыстық ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары Өмірбек Шәменов аудан ардагерлерімен арнайы кездесу өткізді. Аудан әкімі А.Есжанов жүргізіп отырған жиынға кент, ауылдық жерлердегі ардагерлер, мекеме, бөлім басшылары, кент, ауыл әкімдері қатысты. Қазақ қашаннан үлкенге құрметін үзбеген, кішіден ізетін күтетін халық екенін тілге тиек еткен аудан басшысы Асқарбек Темірбекұлы кездесудің маңыздылығына да тоқталып өтті.

– Қазақ халқының басқа ұлттар мен халықтардан бөліп қарайтын ерекше қасиеті біз – қай заманда да қарттарын сыйлаған, ақсақалды аталары мен ақжаулықты аналарын құрмет тұтып, алдарынан қия өтпеген халықтың ұрпағымыз. Біз қашанда қарттарымызды қадірлеп, үлкенді ардақ тұтып келеміз. Сіздердің әрбіріңіздің жүріп өткен жолдарыңыз, еткен еңбектеріңіз ұрпақ үшін үлгі. Сіздерге қарап, кейінгі ұрпақ жетіліп, жаңа заманға сай сол істерді жаңғыртуда. Ақылы дария, білімі теңіз, өмірлік тәжірибесі мол сіздерден тәлім-тәрбие алған іні-қарындастарыңыз, балаларыңыз өздеріңіз бастаған игілікті істерді жалғастырып келеміз.

Сіздер әрдайым арамызда ақылшы, кеңесші бола жүріп, тәуелсіз елімізді дамытудағы іргелі істерді бірлесе атқаратынымызға сенімім мол, – деді аудан басшысы.

Кездесуде облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Садық Әлиев сөз алып, облыс, аудан көлемінде атқарылған жұмыстарға да тоқталып өтті. Расымен еселі еңбек елеусіз қалмақ емес. Алдымызда бағдаршамдай бағыт беріп, кемелдікке келген шағында кеңесін берер, ақылын айтып тоқтамға келтірер, өнегесімен өреңді өсірер қазынакеуде қариялардың аудан үшін еткен еңбектері, әр салада қызметте жүріп дамуына жұмсаған жастық жігері, тіпті сүреңсіз жылдардағы ерен ерліктері де аудан тарихынан ойып тұрып орын алары сөзсіз. Аудан әкімдігінде өткен облыс және аудан ардагерлерінің кездесуінде сөз алған ақылшы, аға буын өкілдері Жалағаш ауданының ғасырға жуық тарихында тайға таңба басқандай сақталған іргелі істерді тарқатты.

«Қарты бар үй, қазыналы үй» деп бекер айтылмаса керек. Ескінің көзін көрген үлкендеріміз өмірден көрген-білгенімен дәрігер де, мұғалім де, емші де бола алды, өз заманында елдің қарыштап дамуына да үлес қосты, ерен еңбектің үлгісін көрсетті. Ең әуелі ата салтымыздың желісін үзбеуде, оны кейінгі ұрпақ жадында жаңғыртып, қазақы менталитетімізден айнып қалмауымызда ұлтына адал қызмет етті. Ендігі жерде ата-бабадан жеткен барлық құндылығымыз, мол мұрамыз бізге аманат.

Бүгінгі ардагерлер кеңесінің әр мүшесі осы айтылған ұлттық құндылықтардың ұрпақ жадында мәңгі жаңғырып тұруы жолында, елеулі істерді жүзеге асыруда, өңір дамуында игі істерді жасауда аянып жүрген жоқ. Сөз басында айтқанымыздай, ел үшін еткен еңбектің ақталатын сәті де келеді. Бейнеттің түбі зейнет деген. Кешегі өткен кездесу аудандағы бірқатар ардагер аға-апаларымызға құрмет көрсетумен маңызы арта түсті деуге болады. Жиын барасында ауданда атқарған ауқымды жұмыстары мен өздері қызмет еткен салада сіңірген сүбелі істері үшін кеуделеріне төсбелгі тақты, иықтарына шапан жапты.

Атап айтар болсақ, аудан әкімі Асқарбек Темірбекұлы аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Садық Әлиевке «Қазақстан полициясына – 30 жыл» мерекелік медалін, Аққұм ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы Қосым Жүсіпбекұлына облыстың ең жоғары марапаты Қызылорда облысының «Құрмет» грамотасын табыстады. Серік Әбішұлы аудан ардагерлері Кенжеғара Сүлейменовке «Қызылорда облысының Құрметті ардагері» төсбелгісін, Қанымкүл Шахановаға облыстық ардагерлер кеңесінің «Құрмет» грамотасын табыс етті.

Нұржамила АЛМАСҚЫЗЫ

Өнер

Еліне еңбегі сіңген тұлғаның есімі де, жарқын істері де халқының жадында жаңғырып тұрады. Ел үшін еткен еңбек те, ерлік те ұмытылмайды. Осы аптада Қ.Қазантаев атындағы аудандық мәдениет үйінде «Өшпес тұлға жолымен» атты халық театрларының байқауы өтті. Аудан әкімдігінің қолдауымен, режиссер, Қазақстан Республикасының «Мәдениет қайраткері» Тынымбай Мәдиевті еске алу мақсатында ұйымдастырылған шараға аудан әкімінің орынбасары Жасұлан Еспенбет және облыстық мәдениет және спорт басқармасының басшысы Руслан Рүстемов арнайы қатысты. Өнерсүйер көрермен де көп жиналды.

Сан түрлі тағдырлар сахнаға шықты

– Руханият – адамзаттың алтын діңгегі. Біз адамдығымызды сақтап қалу үшін сол діңгекке сүйеніп өмір сүреміз, содан қуат аламыз. Ал сол діңгектің дінін мықтау біз үшін ең маңызды іс. Рухани мұраларымызды түгендеп, ел мәдениетіне еңбек сіңірген тұлғаларымызды еске алып және олардың өнердегі жолын жас ұрпаққа өнеге ету, халық арасына кеңінен насихаттау біздің міндетеміз. Ауданымызда өткелі отырған бүгінгі рухани мәні зор шараның да мақсаты осы. Тынымбай ағамыз аудан мәдениетіне ғана емес, тұтас ұлт руханиятына көп еңбек сіңірді. Ендеше, біз осындай тұлғалардың артында қалған рухани мұралары арқылы кеудеміздегі бос кеңістікті толтырып, өз болмысымызды тануға тиіспіз, – деді Жасұлан Ерданұлы. Сондай-ақ шараның ашылу рәсімінде сөз алған облыстық мәдениет және спорт басқармасының басшысы Руслан Рүстемұлы адамзат өркениетін қалыптастырған өнердің тарихы, соның ішінде қазақ руханияты туралы тереңнен толғады. Сонымен бірге Тынымбай Мәдиев жайында жылы естеліктер айтып, жұртшылықтың көңілін толқытты. Байқауға қатысқалы тұрған театрлардың барлығының өз бағасы бар екенін жеткізіп, қатысушыларға сәттілік тіледі.

Қарт Қаратау мен айдынды Аралдың арасындағы театр тарландарының сахналық қойылымдары көрерменнің көңілін бір сергітіп, ғажайып рухани әсер сыйлады. Атап айтсақ, екі күнге созылған өнер байқауы барысында Арал аудандық мәдениет үйі жанындағы халық театры жазушы Шерхан Мұртазаның «Ай мен Айша» драмасын, Арал ауданына қарасты Аманөткел ауылдық мәдениет үйі жанындағы халық театры жазушы Несіпбек Дәуітайұлының романынан «Құдірет пен қасірет» драмалық хикаятын, Арал ауданына қарасты Қызылжар ауылдық мәдениет үйі жанындағы халық театры ақын, драматург Иран-Ғайыптың «Естайдың Қорланы» драмасын, Қазалы аудандық мәдениет орталығы жанындағы Ж.Тұрсынов атындағы халық театры жазушы Тахауи Ахтановтың «Ант» пьесасын, Қазалы ауданына қарасты Жанқожа батыр ауылдық мәдениет үйі жанындағы халық театры жазушы Сәкен Жүнісовтың «Сабалақ-Абылай» тарихи драмасын, Қазалы қалалық мәдениет үйі жанындағы халық театры жазушы Шыңғыс Айтматовтың «Қызыл орамалды шынарым» лирикалық драмасын, Қармақшы аудандық мәдениет үйі жанындағы халық театры жазушы Медеу Сәрсекенің «Теңдерге түскен келіншек» драмасын, Қармақшы ауданына қарасты Ақай ауылдық клуб үйі жаныдағы халық тетары драматург Қалтай Мұхамеджановтың «Құдағи келіпті» комедиясын, Сырдария аудандық мәдениет үйі жанындағы халық театры Сұлтан Раевтың «О, қыздар» драмасын, Жалағаш аудандық мәдениет үйі жанындағы халық театры режиссер, драматург Ерсайын Төлеубайдың «Жеңгетай» комедиясын, Сырдария ауданына қарасты Айдарлы ауылдық мәдениет үйі жанындағы халық тетары жазушы Мұхтар Әуезовтың «Еңлік-Кебек» трагедиясын, Шиелі аудандық мәдениет үйі жанындағы халық театры жазушы, драматург Сұлтанәлі Балғабаевтың «Бізде ғашық болғанбыз» драмасын, Жаңақорған аудандық мәдениет үйі жанындағы халық театры драматург Мұрат Қолғанаттың «Түнек» трагикомедиясын және Жаңақорған ауданына қарасты Бірлік ауылдық клубы жанындағы халық театры ақын Жүсіп Қыдыровтың «Құрдастар» комедиясын сахналады.

Театр – өмір. Сахнада қойылған әрбір қойылымдағы сан түрлі тағдыр иелері көрерменді бір күлдірді, бір жылатты. Біз де көпшілік көрерменнің бірі ретінде театрлар байқауына барғанымызбен, сахнадағы «өмірді» барынша сын көзбен бақылауға тырыстық. Қойылымдардың көбін үлкен сахналардан да талай тамашаладық. Өне-бойындағы әрбір деталы таныс. «Бәрекелде» дегізген де, «әттегенайлатқан» да тұстары болды. Әрине, сахнада кейіпкерлердің ролін сомдағандардың көбі кәсіби актер емес. Әйтсе де, шеберліктері шыңдалған. Нәтижесінде біз аудандық, ауылдық жерлердегі халық театрларының жылдан жылға дамып, жетіліп келе жатқанын және өнерпаздардың ізденісін байқадық.

Сондай-ақ екі күн бойы көрермен аудандық мәдениет үйінің фоесінде ұйымдастырылған «Өнермен өрнектелген өмір» атты көрмені тамашалап, Тынымбай Сауранбайұлының өнегелі өмірімен танысып, және өнер жолына қанықты.

Өнермен жаны да, тәні де егіз Тынымбай ағамыз жайында аз жазылған жоқ. Көзден кетсе, көңілден кететін де жан емес. Десе де, аудан руханиятына еңбегі сіңген кесек тұлғаның өнері мен өмір жолы жайында кейінгі ұрпақ білуі тиіс. Ұйымдастырылған шараның мақсаты да осыны көздейді.

Хош, сонымен екі күнге созылған өнер фестивалінің қорытындысында қазылар алқасының шешімімен бас жүлдені – Жаңақорған аудандық мәдениет үйі жеңіп алса, I орынды – Қармақшы аудандық мәдениет үйі, II орынды – Сырдария аудандық мәдениет үйі, III – орынды Қазалы қалалық мәдениет үйі мен Жалағаш аудандық мәдениет үйі иеленді. Ал, Аманөткел ауылдық мәдениет үйі арнайы жүлдемен марапатталды.

Айта кеткеніміз жөн, байқауға қатысқан театрлардың өнеріне Нартай Бекежанов атындағы қазақ академиялық музыкалық драма театрының көркемдік жетекшісі, режиссер Ақтөре Оразалы, осы театрдың әдебиет бөлімінің меңгерушісі Ұлбосын Қылышбекова және театр суретшісі Нұркен Қалымбет, облыстық халық шығармашылығын дамыту және мәдени-продюсерлік орталығының басшысы Жанат Құрамысова, Қ.Қазантаев атындағы аудандық мәдениет үйінің көркемдік жетекшісі Әсет Шілдебаев қазылық етті.

Қуат АДИС

Ақ жүректі ана бейнесі

Ана! Осы бір сөздің астарында қаншама мән-мағына, көп сыр жатыр десеңізші! Ана – ардагер, ана – еңбеккер, ана – депутат, ана – қоғам қайраткері, мекеме басшысы, дәрігер, ұстаз, сауыншы, күрішші, бақташы. Сонымен бірге дүниеге ұрпақ әкелуші, жүрегі жас, жаны жомарт, бір жанұяның бірлігін сақтаушы, тәрбиеші.

Анадан қымбат, анадан қасиетті кім бар? Топ бастаған көсем де, сөздің майын тамызған шешен де, жаудан жерін қорғаған батыр да, ел билеген патша да, көмейінен жыр төгілген ақын да ана алдында бас иеді. Сондықтан халықтың сүйіспеншілігіне бөленіп, замана көшіне ілесіп, әр салада еңбек еткен аналарымызды айту – бүгінгі ұрпаққа парыз.

1969 жылы наурыз айында қазіргі М.Шәменов көшесі №70 үйде әр салада қызмет жасайтын жас жанұялар орналасқанбыз. Дәрігер, бүгінгі зейнеткер Жалғас Ыдырысов, ақын Жақсыбай Сарбалаев, Мәлік Аяпов, әнші Хадиша Әлмаханова барлығымыз көрші болдық. Қыстаубаев көшесі қиылысында Наубайхана болатын. Арғы жағы жыңғыл, шеңгел өсіп кеткен, ел жоқ. Көптеген аналарымыз, ағалар жұмыс жасады. Күні-түні үзіліссіз жұмыс жасайтын. Кезекші магазиндерде нанды өткізетін. Олар 8-9-ға дейін жұмыс жасайтын. Қаншама халықты нанмен қамтамасыз ететін, халықтың ризашылығын алатын. Кейде жұмыстан кешігіп қалғанда да барып нан алатын кезіміз болатын. Халыққа қызмет ететін орындар: ресторан, наубайхана, сауда саласы.

Нан – адамның өмірі. Нансыз өмір жоқ: Санамызға солай сіңген шындығы да осы. Сондықтан болар, ондағы жұмыс жасаушы кісілерді қолының киесі бар адамзатқа деген ілтипаты деп түсініп, құрмет тұтатын. Менің білетінім Жолманова Күлдерай, Мыңжасарова Тұрсынкүл, Қолдасова Тәжігүл, Бақтыбакева Алуаш, Айымкүл Баймаханова апаларымыз жұмыс жасап, халықтың ықыласына бөленіп, аудандық газеттерге мақтап жазатын. Ол жерді бүгінгі ұрпақ жай бұзылып қалған құрылыс деп түсінуі мүмкін, киелі орын болғанын талай кісілер тер төгіп, еңбек еткенін білсе екен деген мақсатта осы мақаланы жазып отырмын.

Уақыт жылжиды, заман өзгереді, үлкендер ретімен өмірден өтер, жас ұрпақ жетіліп өсер. Өткен тарихымызды саралап, еліміздің өткені мен бүгініне зер салар ұрпақтарымыз аман болғай дейміз. Наубайхана қызметкерлері туралы әрқайсысының еңбегі бір кітапқа арқау болары сөзсіз. Жалағаш топырағында өскен ақжүректі аналарымыз, асқар тау әкелеріміз еді.

Бүгінгі таңда сол бейнеттің зейнетін көріп, немере-шөберенің қызығына бөленіп отырған қазыналы қариялар болса, біреулері дүниеден өтіп те кеткен. Осы наубайханаға Балжан Шәменованың еңбегі сіңіп, қызмет жасағанын білеміз. Қазір оның бәрі тарап кетті. Дегенмен әрі қарай ауданның өсіп-өркендеуіне сол апаларының ортасында Балжан да абыройға бөленіп жүрген. Жалпы бірге қызметтес болмасам да елу жылға жуық кейбіреуімен сыйлас, бірімен туыс болып келетіндіктен көргенімді айту парыз деп түсіндім. Әңгіменің желісінде былтыр дүниеден озған сол наубайханада ұзақ жылдар еңбек етіп, бейнетінің қызығын көрген аяулы ана, мейірімді әже, әулетінің ақылшысы, замандастарының сыйлысы Баймаханова Айымкүл апамыз болған. Жолдасы Хамит ағамызды да жақсы білетінмін. Мәдениет саласында ұзақ жылдар қызмет еткен. Жалпы жанұясын құрмет тұтатынмын. Оның бер жағында, 2008 жылы 10 желтоқсан күні ауыр жағдайға кездестім. Екі немерем бірдей қапыда қайтыс болды. Өте ауыр болды. Дәл сол күні Айымкүл апамыздың ұлы Талғат та дүниеден өтті. Бізбен бірге ағайын-туыс, Жалағаш жұртшылығы қиналды, сабырлыққа шақырды, мен апамызға барып көңіл айта алмадым. 10-15 күннің шамасында кешкілік балаларымен үйге келді. Екеуміз басымызға түскен қасірет бір мезгілде болғандықтан болар, пендешілікке салынып, қиналған жайымды айтып салдым. Бәрінен де қайғының кездейсоғы ауыр. Біреуге ерте, біреуге кеш өтіп жатады. Атамдағаннан ботамдаған ауыр. Бір-бірімізбен осылай кездесем деп ойламаған едік, бірақ тағдыр.

– Ақыл айта келдім, Сабырлы бол, халқы бардың қамы жоқ деген, халқың бар, бір азаматтың отын жағып отырсың, арты қайырлы болсын, – деді.

Сол уақыттан бері кеше дүниеден озғанша біртүрлі сырласым болып кетті. Талғатты да білетінмін, балаларыммен қатар өсті. Сондай жағдайда келіп маған көңіл айтқаны үшін мәңгі қарыздармын деп түсіндім. Ана жүрегі бала үшін қанша қасірет шексе де ағайынның қазасына ортақ болу үлкен аналық мейірім деп түсіндім. Сәлем беріп барып тұратынмын, бірге жұмыс жасаған кісілердің адамгершілігін, сыйластығын айтып отыратын, жұмыстың қиыншылығын, көрген құрметтерін де, жетістігін де айтып отыратын. Өткенге тәубе, барға шүкірлік, қазіргі таңда қалғанына ғұмыр тілеген ана Талғаттан қалған немерелерін де үй-жай етіп, арманы орындалғандай дүниеден өтті. Біреулерге кімдер жұмыс жасамады, жай ғана бір отбасының берекесін, бірлігін келтіріп отырған көп ананың бірі деп қарайды. Бірақ әр ананың болмысы – бір тарих. Олай болса, жолдасынан жас қалып, ұл-қыздарын еңбексүйгіштікке адамгершілікке, ақыл-ойлылыққа, тәрбиелі, әр баласының жанұясының береке-бірлігін, жақсылығын тілеп өткен ана өмірі көпке үлгі.

Хамит ағамыз бен Айымкүл апамыздан 2 ұл, 3 қыз өмір келген. Ағамыз өмірден жас кетсе де қажырлы, қайратты апамыз барлық балаларын оқытып, ұлын ұяға, қызын қияға қондырды. Еңбексүйгіштікті, адалдықты ата-ана тәрбиесінен алған балалары ауданда түрлі салада абыроймен еңбек етуде.

Дина МИРМАН,
Жалағаш ауданының
Құрметті азаматы

Үй сатылады

Жалағаш кентінде Бостандық пен Т.Жүргенов көшелерінің қиылысында орналасқан 7 бөлмелі үй сатылады. Ауласында 15 сотық жері бар, коршалған. Бағасы – 6,5 млн теңге.

Тел: 8 775 720 38 02 Уәли

Меншік иесі:
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Жалағаш аудандық
"Жалағаш жаршысы" газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.
"Жалағаш жаршысы" аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) "Сапа менеджменті жүйелері" талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.
Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел:. 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 3075 Тапсырыс № 1870

Мекен-жайымыз: 120200, Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Абай көшесі №68. E-mail: zhal_jarsh@mail.ru

Кезекші редактор: Нұржамила АЛМАСҚЫЗЫ